

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізууді үйімдастырып, қамтамасыз ету туралы

Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 наурыздағы N 3-89 қаулысы . Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 07 мамырда N 2-5-84 тіркелді

Р К А О е ск е р т п е с и .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы N 960 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді тоғысқа шығару және қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді қызметке шақыру туралы" Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы N 960 Жарлығын іске асыру туралы" Қаулысы негізінде Алакөл ауданы әкімдігі

Е Т Е Д І :

1. Алакөл ауданы, Ушарал қаласы, Б.Момышұлы көшесі N 110 үй мекен-жайындағы шақыру участкесінде Алакөл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы он сегізден жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтардың кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізу 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында үйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сай құрамда құрылсын.

3. Қала, кент, ауылдық округтердің әкімдері 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру кезеңінде әскер қатарына шақырылғандарды олардың шақыру участкесіне шақырылған туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде **келуін** **қамтамасыз** **етсін.**

4. "Алакөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (Нұрлан Мырзаханұлы Масимов), әскерге шақырылғандарды Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштерінің қатарына шығарып салу кезеңінде шақыру участкесінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету, әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру, Алакөл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне оларға қатысты анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақыруышылар мен әскери міндеттілер туралы хабарлау ұсынылсын.

5. Осы қаулының жүзеге асуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Д. Менлібаева жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудан әкімі</i>	<i>Б. Қарасаев</i>	
2010 жылдың	31 наурыздағы	N 3-89
"Қазақстан	Республикасының	азаматтарын
2010 жылдың	сәуір-маусымында	және
қазан-желтоқсанында		кезекті
мерзімді	әскери	қызметке
шақырылуын	жүргізуі	ұйымдастырып,
қамтамасыз	ету	қаулысына
1 қосымша	туралы	

Ескерту. 1 қосымшаға өзгеріс енгізілді - Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2010.09.27 N 9-239 (жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Мейрембеков Ерен Оқасович - комиссия төрағасы, аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы;

Агадилов Марат Қуандықұлы - комиссия төрағасының орынбасары, аудан әкімі аппаратының әскери жұмылдыру және төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы.

Комиссия мүшелері:

Ирмекеев Ерлан Аяжанұлы - Алакөл аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары;

Ниязова Баршагуль Қызықпаевна - Алакөл ауданының "Орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігердің орынбасары;

Елубаева Ләтай Сулейменқызы - комиссия хатшысы, Алакөл ауданының "Орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны емханасының медбикесі.